

Кеш тақырыбы — туған жер

Мемлекеттік дәреже алған ана тіліміздің дамуына бүкіл ел болып атсалысып жатқанда, біз кітапхана қызметкерлері де шет қалуды жөн көрмедік.

Еліміздің болашағы — жас жеткіншектерге халқымыздың асыл қазынасын жеткізіп, насихаттау біздің борышымыз деп білдік.

«Отан өз іргеннен, тарих өз көкірегіңнен басталады», дейді халқымыз. Осы орайда туған өңіріміздің тарихын, оның атакты адамдарын дәріптеу мақсатында облыстық Н. Островский атындағы кітапхана облыстық «Қазақ тілі» қоғамымен бірлесіп «Ертісім — туған өлкем» деген тақырыптық кеш өткізді. Бұл кешке № 10 қазақ орта мектебінің жоғары класс оқушылары мен класс жетекшілері: А. З. Омарова, М. С. Сәулебекова, Қ. Қанапьянова, С. К. Жолдасова, Ш. Т. Жұмаділова, Б. Нүкежанова қатысты.

Ертіс өңірі атакты адамдарға бай өлке ғой. Одан есімдері әлемге әйгілі ғалымдар, ақын-жазушылар, өнер

қайраткерлері шыққан. Кереку өңірінің тарихы және осы өңірден шыққан атакты әнші-композитор туралы облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы А. Алдоңғаров жасаған әңгімені оқушылар зер салып тыңдады.

Ертіс өңірінің топырағында туып, өскен атакты адамдарымыз туралы құнды деректерді, мәліметтерді жинап, зерттеу жұмысымен облыстық өлкетану музейінің бөлім меңгерушісі Ш. Шегебаева таныстырды. Ол өз әңгімесін атакты адамдардың қолжазбаларымен, фотосуреттерімен, тарихи деректермен толықтырды.

Облыстық кітапхана «Біздің атакты жерлестеріміз» деген тақырыпта кітап көрмесін ұйымдастырды. Кеш соңында оқушылар К. Бекхожин, М. Әлімбаев, Н. Шәкенов, И. Байзақов, Қ. Ыдырысов т. б. ақындарымыздың туған жеріне деген махаббатын, адамдарына деген сүйіспеншілігін білдіретін өлеңдерін оқыды.

Кеш қызықты да тартымды өтті.

С. ӘЛІМБАЕВА,
Н. Островский атындағы облыстық кітапхананың кітапханашысы.